

ӘОЖ 316.77:070

А.Ә. Құрманбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

**Судың сұрауы тақалды.
Арал десе, есіме... Аралға қол салғаның...**
(Экошолу)

Аңдатпа. Бұл мақалада автор ғалым-публицист Бауыржан Омарұлының «Қаратерең вальсі» атты кітабындағы Арал теңізі мәселелерін қарастырады. Теңіздің тартылып бара жатқаны, кіндік қаны тамған сол жердің тумаларын бір уақыт та бей-жай қалдырмауы тиіс.

Арал мойнына ұлыорыстық шовинистік саясаттың қамыты түспей тұрған замандардағы теңіздің табиғи жағдайы суреттеледі. Кеңес Одағының цензурасы мен отаршылдық іс-қимылының салдарынан «шекемізге тиіп отырған» қасірет хақында жанайқайымыз шыққаны бүгін ғана емес.

Түйін сөздер: цензура, отаршылдық, публицист, роман-диалогия, экология, идеология.

Күні кеше көлемі шағын болғанмен, өте салмақты, жазу мәнері ерекше, баяндау тіліне кез келген қаламгер қызыға қарайтын (оқитын) «Қаратерең вальсі» атты кітап дүниеге келген. Оған жалпы баға берудің кезегі кейін келе жатар. Осы туындының авторы – ғылым докторы, профессор, ақын, публицист Бауыржан Омарұлының кесек ой толғамын бөле-жарып алғым келеді.

«...Көкірек атқан тексектер мен келімсектер Аралдың бар тамырын қырқып, өзін құрдымға жіберді. «Сібір өзендерін сендерге қарай бұрайық деп жатырмыз», – деп талай жыл алдады. Оған бала біз түгілі, мына тұрған Аманөткелде туған жаны жайсаң Жарасқан ағамыздың өзі кәдімгідей сенді: «Жағасына шығып қалған шалақы, Теңіздердің ашылады таланы, Қаптасына донор болып қарт Сібір, Арал қайта арнасына толады», – деп оптимистік өлең жазды. Қайдан!..Сібірден су келмеді. Асау толқын жағалауды тастай қашты...» (1,25-б.), – деген жүрекжарды жолдар бар.

Өңгімені әуелі теңіздің тарихын ғылыми саралау жағдайын шолудан өрбітсек дейміз. Зерттеу проблемасына «алғаш түрен салған» – академик Л.С. Берг ол осыған бір ғасыр бес жыл ерте-ректе жарық көрген «Арал теңізінің физикалық географиясы» тақырыпты очеркі. Сол кездегі

ешбір не ғалым, не қалам қайраткерінің «көзіне түсе қоймаған» нысан. «1874 жылы, Тиллоның дәл деңгейлік өлшемі бойынша, Арал теңізі Каспийден 74 метр биіктікте жатыр. Ал Каспий Қара теңіз деңгейінен 26 метр төмен. Демек, Арал теңізінің айдын беті мұхит деңгейінен 48 метр биік. Аралдың түбінің ең терең жері – мұхит бетінен 20 метр төмен. Ал Каспий айдынан 6 метр жоғары...» (2,40-б.).

Міне, сол бір Арал мойнына ұлыорыстық шовинистік саясаттың қамыты түспей тұрған замандардағы теңіздің табиғи жағдайы осындай болатын. Ал енді қазір ше? Кеңес Одағының цензурасы мен отаршылық іс-қимылының салдарын көріп отырмыз ғой. «Көріп отырмыз ғой» дегенде, «шекемізге тиіп отырған» қасірет хақында жанайқайымыз шыққаны бүгін ғана емес.

Аралға баспасөз жүзінде жанашырлық білдіргендердің бірі – Қазақстан табиғат қорғау қоғамының Қызылорда облыстық бөлімшесі президиумы төрағасының орынбасары қызметін бүгіндері атқарған Ә. Әлімжан болатын. Ол көлемді проблемалық мақаласымен мерзімді басылым үшін қазір де елдің мәтеліне айналып кеткен. «Арал тағдыры – адам тағдыры» атты тақырыппен күн тәртібінен түспеуі тиіс күрделі мәселенің көзін ашып берген-ді. Сол тұстары

қазақ баспасөзінің ақиқат флариасының рөлін атқарған аға газет – «Социалистік Қазақстан» аталмыш жарияланым «Проблема. Пікір. Ұсыныс» айдарымен жарық көрді. Кейін осы мақала тақырыбының өзі кейбір мерзімді басылымдарда жиі-жиі жұртшылықпен дидарласып тұратын дидарға айналды.

Автор мақаласын түйіндеу тұсында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне де салмақ салып, «өкпесін білдірді. Біздің жазушыларымыздың, басқа да қоғам қайраткерлерінің пікірі қайда? Дәл қазір ұсақ-сүре роман – өз алдына, қайнап тұрған қызулы, уытты публицистикалық сөз керек», – деп ұтқырлы түрткі салған.

Осы мақаланы құдды бір дабыл көрсеткендей, бізден басқа, таяу және шалғай жерлерде де үн қосқан әр мамандық иелері шыққан. Мысалға аталмыш мәселені медицина ғылымының докторы, профессор Андрей Михайлович сердюктің келесі жылы Мәскеуде жарық көрген «Непростые заботы человечества: научно-технический прогресс, здоровье человека, экология» («Адамзаттың күрделі алаңдаушылығы: ғылыми-техникалық прогресс, адам денсаулығы, экология») кітабында: «Соңғы жылдары айнадай жарқыраған, бет ауданы екі есе азайған, әлі де «алшысы қуырылып бара жатқан» Арал теңізіне құрып кету қаупі төнуде. Екі миллион гектардан артық су беті құм-сор батпаққа айналды. Өлі жерге айналды!» (4,266-б.), – деген ащы шындық айғақталған-ды.

Дәл сонымен жарыса шыққан эколог-маман ғалымдар А.А. Алимов пен В.В. Слугевскийдің Ленинградтан сол 1988 жылы басылып шыққан «Век XX: Экология и идеология» («XX ғасыр: Экология және идеология») атты еңбегінде: Арал тағдыры қасіретті де тәлім аларлық дүниежүзіндегі аса ірі су объектілерінің бірі, теңіз-көл біртіндеп ғайыпқа айналып барады. Арал теңізінің деңгейі тез төмендеуде. Баяғыда тұмсығымен теңіз толқындарын қақ айырып жүре беретін балық аулайтын кемелер де әр жерде теңкиіп-теңкиіп, құр қаңқалары қалған. Бүгінде Арал теңізі баяулап өліп барады» (5,83-84-б.), – деген өздерінің құдайлық сөздерін айтқан.

Сонымен қатар авторлар аталмыш мәселе төңірегінде кем жеуші тиісті тұлғалардың да идеяларын келтіре кетуді жөн көрген. «Аралды сақтап қалу үшін не амал қарастыру керек?» – деп, өздері судан алып, ғалымдар мен үкімет

араларындағы бір пікірлермен жұртты құлағдар ету мақсатымен: «Ең жақын уақыт арасында оның жауабы Орта Азияға Сібір өзендерінің суын аударумен тынады деп есептеліп келген», – дейді. Ол жобаларының аяғы құрдымға кеткеніне қазір де бәріміз де куәгер болып отырғанымыз мынау...

Сол кездері күн тәртібіне терістікке жатқан Сібір өзендерінің тағдыры қойылып, таразы басы бір сәт теңескендей болған-ды. Одақтық шеңберден асып, планеталық проблемаға айналған пікір таласына ғылыми дәйектемелерін, талдау-зерттеулерін көлденең тартқан мамандармен қатар өмірлік тәжірибелерін, терең білімдерін, ақ-адал көңілдерін, азаматтық позицияларын жария түрде білдірген жанашыр қаламгер қауымы да араласты.

Арал проблемасы арасы – роман, повестер, берісі – поэма, жеке өлеңдердің тақырыбына өзек болып, қазіргі қазақ әдебиетінің классигі Ә. Нұрпейісов соңғы кесек дүниесі – «Соңғы парыз» роман-дилогиясын арнады.

«Біздің топырақтан да Арал қасірет мaldаныш, атын шығарғысы келген талай жанашырсымақтар шығар! Олар дүниені даңғазаға айналдырып, айқай-шуға қанша болса да, бірақ тартылған теңізге сол өңірдегі халықтың көз жасынан басқа бір тамшы су тамбас-ау... Теңіз неғұрлым тартылып, жер неғұрлым азып, ел неғұрлым тозып, індет неғұрлым етек алып жайылған сайын Аралдың әлгі бір жанашырсымақтары соғұрлым жанталасып даңғарасын қаға түседі. Үкімет те қарап қалмас: иә, талай төтенше комиссия құрылды. Төтенше комиссиялар бірінен бірі өткен талай-талай тамаша қаулы алар. Тамаша қаулыға сәйкес, талай-талай тамаша жобалар мен жоспарлар жасалар... «Арал тағдыры – адам тағдыры» деген әуелгі сөзді... енді жігіттер, қызыл тілді қайраққа жанып-жанып алып, халық алдында оны мінбеден де, мына мінбеден де қиқулатар-ау!» (6,382-б.). Бұл дилогиядағы автордың зақпан ойлары. Керек десеңіз, күні бүгін Арал аймағында болып жатқан ситуацияны қаншама жыл бұрын бейнелеп берген болжамы. Көркем әдебиетке тиесілі қыруар оқиғалар айналып-үйіріліп осы эколгиялық проблемаға тірелді. Сондықтан да өз тақырыбымыздан ауытқып кетпей, теңіз трагедиясының кульминациясын осы керемет зарлы сөйлемдерден білеміз.

Аталмыш экологияға арналған тағы бір ро-

ман – «Теңіз – тақсырет». Автордың көп жылдар бойы теңіз аттас ауданның коммунистік партия ұйымын Аралдың мейлінше тез қарқынмен құлдырау кезеңінде басқарған, негізгі мамандығы журналист – Қуатжан Досжанов. Бұл романда да «Соңғы парыздағы» автор монологындай ашу-ызалы жолдар бар.

«Аралға араша түсушілердің құрамы көбейді. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар пайда болды. Теңіздің табанында қалған тұзды сор тозан ауданы жайлап, адам түгіл өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесін бүлдіре бастады... Мұны сезінген ел-жұрт Арал теңізі мүлдем тартылса, табиғаттың толмайтын апатына айналатынын түсінді. Әр ел мен жерден ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің ынтымақ одақтары құрылып, оны жұртшылық қолдады. Алайда істен сөз көп. Нақтылы шаралардан гөрі жалпы нұсқаулар, даңғазалық пен дүрлігу мол. Әр жерде айтылып жүрген үлкен шаралар шешім тапқанша, балықшылар қауымы біржола тоз-тоз болып кетуге қарады» (7,247-б.), – деген авторлық ремарка Ә. Нұрпейісовтің мазасыз ойын толықтырып тұрғандай.

Кітапта қаншама уақыт аудан басшысы лауазымындағы Қ. Досжанов өз аймағында қатысты Кремльдің құпия зиянкестік шараларын да қоса кетеді. «Турасын айтқанда, Арал апаты тек жалғыз теңізге байланысты ма? Меніңше олай емес. Біздің аймақтың апатқа ұшырауына әсерін тигізіп жүрген тағы да басқа жағдайлар бар. Ол – аудан жеріне орналасқан көптеген әскери полигондар. Отан соғысының алғашқы жылдарында теңіздің арғы түкпіріндегі «Николай атауы» деп аталатын аралда химиялық қару сыналып жатқанынан кімнің қандай хабары бар? Ал аудандағы байырғы мал жайылымдарының жартысынан көбісін иемденіп, талай қару-жарақты сынақтан өткізіп жатқан екінші әскери бөлімшенің халқымызға әкеліп жатқан қосымша зардабының мөлшері қандай? Біз бұдан былай қарай өз өмірімізді аман сақтап алып, ел болып өсіп-өнеміз дейтін болсақ, осы озбырлықтардың бәрінің бетін ашып, оларға қарсы қажырлы күрес жүргізуіміз керек» (7,251-б.), – деген публицистік қарқын танытатын романның аяқталар тұсы.

Бұл – келтіріліп отырған үзінділер әдебиетіміздің ең сүйекті жанры – романдардан іріктеп алынған, қара сөзбен өрнектелген экологиялық толғаулар дер едік. Аралдық жерлес қос туындылар көзімен көргендерін жүрегімен жазып

отырғандай...

Сөйтіп, қос шығармашы тұлғалар, бірі – әйгілі қаламгер, бірі – қоғам қайраткері – Аралдың «ажалы» қолдан жасалды деп, елдің бәріне белгілі шындықты әдебиет активіне енгізіп отырғанын мойындасақ, бұл ақиқатқа басқаша да пікір бар көрінеді.

Соған сәйкес шығармашылығында әдеби көркемділіктен бері, публицистік мақаласы басым, қалам шаруашылығында өзіндік орнын белгілей алған Серік Байхановтың бір дүниесі бізді елең еткізеді. Ол – «Аралға от араша» жолсапар очеркі. Журналистиканың аталмыш жанрына тән ерекшеліктерге сай туынды бұл сапарында көрген, түйіндеген мәліметтерін рет-ретімен, үйлесімді тарауларға беріп баяндаған.

Бірақ бізді бұл жерге очеркист С. Байханов емес, тура Арал теңізіне байланысты аналитик-автордың дәйектемелері көбірек алаңдатқан-ды. Әсіресе, оның жағрафиялық нысан есебіндегі біздің планетамызда пайда болуынан бастап, қазіргі сарқылған шағына дейінгі эволюциялық жолы қызықтырған-ды. Әрине, тек автордың көзқарасы тұрғысынан қарағандағы баянды қарастырып байқамаймыз.

Орта Азиядағы суға қатысты табиғи қателіктің түптамыры тым тереңде жатыр деседі. Сонау ерте кезеңдерде-ақ сол табиғи қателікті түзеткісі келген зерттеушілер болған. 1967 жылы «Природа» журналынан академик Кунициннің мақаласын оқығаным бар. «Құмды өлкеде сусап отырған адамдарға қажетті суды Аралға тастап, ысырап етудің қажеті не?» деген пікір ашық айтылыпты. Ал география ғылымының докторы Геллер болса: «Бекерден- бекер теңізге кетіп жатқан суды пайдалана отырып, төрт миллион гектар жерді суаруға, сол арқылы төрт миллиард сом пайда табуға болады» деп есеп жасайды. Басқаны былай қойғанда, өзіміздің түрікмен туысымыз академик Бабаев: «Мен өзімді Арал теңізін сақтап қалудан гөрі, оны құрғату тиімді деп санайтын ғалымдардың санатына жатқызамын», – деп мәселені төтесінен қояды.

Кітаптың «Теңіз табанында» тарауында: «Неге екенін кім білсін, көз алдыма қауын-қарбыз емес, теңіздің тереңді жайқалып өскен күріш танабыкеп қалғаны. Суға бастырылған табанға көкөніс емес, су ішінде өсуге бейімделген күріш дақылы жарасатын секілді. Мына ойымның өзіме ұнап кеткенін сезем...» – деген шат-шадыман эйфорияға берілген автор: «Сонда бұған дейін

Арал табиғат қателік болып келіпті ғой? Сол қателікті түзеу мына біздің ұрпақтың еншісіне тиісті не деген бақытты ұрпақ едік десеңші!» (8,246-б.), – деген сөйлемдерді ұшырастырдық.

«Бақытты ұрпақтың өкілі» – С. Байханов осынау «лирикалық толғаумен» нені сездіргісі келген? Жоғарыдағыдай мақаламыздың жалғасында тілге тиек ететін басқа да ақын-жазушылардың келтірген дәлелдері, таққан күналары негізсіз болып шыққан ба? Қоғамымыздағы билік басындағылардың әрбір замандардағы тұмса табиғатқа көзбе-көз жасаған қиянаттарын енді табиғаттың «өз қателігін» көрсек пе екен?!

Ал, әдетте жұртшылық бөтендерге қарағанда, «нәзік жандылар» саналатын поэзия өкілдері бұл проблемаға қалай қарап жүр? Әрине, ақын интуициясы теңіз трагедиясының жеткен кезін сезе білгенін сол тұстарда газет-журналдарға қайтадан жариялана бастаған жыр-сақтандыру, жыр-элегиялардан байқай алар едік. Айтпақшы, осы жерде автордың бұдан ширек ғасырға таяу ертеректе жарық көрген «Сал үстіндегі маусым. Сыр туралы сыр» кітабы еске түседі (9). «Осы жерде басын ашып айтатын бір мәселе – Арал проблемасының айдың-күнінің ама-нында, кенеттен, күтпеген жерден пайда бола қалмағандығы. Бұл жөнінде адамдар сонау алпысыншы жылдардың басынан бері-ақ құлақтанып үлгерген-ді» (9, 3-б.); «Жекелеген ғалымдардың тиіп-қашты пікірлері болмаса, соңғы он-он бес жыл ішінде (кітап шыққан 1988 жылдан бері санағанда – А.Қ.) Аралдың пайдасына бір де бір жылы сөз айтылған жоқ. Одақтың баспасөз бетінде Байкал мен Азовтың, Ыстықкөл мен Балқаштың қамын жеген, жан ашуына толы дауыстар көтеріліп жатқанда, ғалымдар мен қаламгерлер Арал төңірегінде «болады», «болмайды» деп, іштей «бал ашудан» әрі аса алмайды. Теңіз жайын толғаған көркем шығарма немесе нақты ғылыми зерттеулер тиісті орындардың назарынан тыс қалды» (9, 9-10 бб.); «Бүгінде Арал мәселесінің шиеленіскені сонша, түбірлі, түбегейлі өзгерістер жасалмайынша, теңіз тағдырына белгілі бір дәрежеде араша түсудің өзі мүмкін еместігі айқындалып отыр» (9, 18-б.), – деп жазушы баспасөз бетінде көрінуі тиіс проблемалық мәселені ашына, жұрт назарына айқара тарата білгенін атап өткен абзал.

Олардың арасында Арал жағалауындағы қиыршық құмда табандарының таңбасы қалған, ақбас толқыны құшағына қапқан ақындардың

жыр жолдары өз нысаналарына жетіп жатты. Арал ақыреті хақындағы жыр тілімен етілген мұң-зарды басқа жерлік ақындардың көбінен таба алар едік.

Бұл тұста әңгімемізді сол топырақтың тұрмыста да, поэзияда да қайсарлықтың үлгісін көрсеткен тума талант Зейнолла Шүкіровке «әлқисамызды» бастар едік. Туған теңізінің «төрт құбыласы түгел» боп тұрғанда, атауын ақын Зейнолла Шүкіров: «Кіндігім бірге Аралмен, Теңізден тыныс алам мен. Ақ пейіл ана секілді, Алдында жатыр далам кең. Сырласым жібек самалмен, Желпісе жүрек жаңа әнмен, Теңізше жаным кең шалқып, Теңізше толқып қалам мен!» деп ертеректе жырмен шалқығаны есімізде. Тұрмыста да, поэзияда да қайсарлықтың үлгісін көрсеткен осы талант иесінің өткен ғасырдың орта шенінде шығармашылығына бір ызы, қана сарындары енетін болатын. Сонда: «Қайда, – деп, – теңіз?» сұраса, Балама сонда не деймін? Мен, мүмкін, жол тартып алыс жөнермін. Асау Ертістің мойнына, Бұғалық салып, жетектеп саған келермін. Көк нөсер болып төтермін. Өлермін! (10, 36-б.)

Ал саңлақ ақын Қадыр Мырза Әлі: «Сіз болып және біз болып, Қойдық па дұрыс қарамай? Әмусіз, Сырсыз тұз болып, Төменге шөккен Арал-ай!.. Бара бермейтін паркына, Бассыз жандарға нәлет бе! Айырылып қалып, артынан, Жылау бізге әдет пе?» (10, 103-б.), – осындай күйреуге әкеліп соқтырған, математик-академик Асқар Жұмағалиев айтпақшы, «компьютер бас» әкім-қараларды жыр найзасымен түйреген кезеңде.

Классик ақын жалғыз Арал емес, күллі экология тақырыбын қозғағанда, сатириктік қабілетін аямаған. Онда өлең жолдарын қайталап оқысақ: «Біледі жердің нарқын кім? Білмегендіктен тозды адам. Ақымақтығынан әркімнің, Аздық-ау біраз, Боз далам!» (10, 94-б.); «Ақын әсте сияқты, Адвокаты талдың да. Жусан менен қияқтың, Жуан беремайында» (10, 101-б.); «Мотор біткенді, қарағым, мақтай бер өзің, мақтасаң. Басым ауырып барады, Бункер тауып ап жатпасам!» (10, 107-б.)

Қазақ прозасы мен поэзиясы аталмыш тақырыпта жоғарыдағылар тәрізді зор мәселелерді көтергендерін қысқа да болса нұсқа түрінде баяндадық деп есептейміз. Ал жариялылықтың жауынгер жанры – мерзімді баспасөздің үлесі қанша екеніне тоқталуды жөн

көрдік. БАҚ егемендік жылдары бедерінде Арал теңізі оның маңайындағы елді-мекендердің экологиялық апатының ақиқат келбетін толық ашып беруге әл-қатарынша күш салғаны ақиқат. Біріншісі, проблемаға тәжірибелі мамандар немесе сол саланы зерттеуші ғалымдарға сөз беру. Екіншісі, журналист-публицистердің пікірлерімен таныстыру. Мәселені осындай екі бағытқа қарастыру баспасөздің Арал қасіретін талдауға жүйелі жұмыс атқарғандарын айқын ашып беруге мүмкіндік туғызады деп білеміз.

Аралдың экологиялық проблемасын жазуға ресми тұлғалар мен эколог-ғалымдардың пікірлері журналистикатануда елеулі рөл атқарса керек. Өйткені қолында мөрі бар кез келген билік қасындағыларының қас-қабағын бағып, пұшайман халде қалған Ұлы Теңіз бір замандары асқақ үнді ән-жырдың тақырып-тиегі болғанын бүгінгі ұрпақ біле де бермейтін шығар...

Жоғарыда әңгімелеген «Теңіз – тақсырет» романының авторы еліміз егемендік алғаннан кейін «өзінің журналистік мамандығына басып» баспасөз беттерінде экология мәселесі турасында кең көлемде жазылған мақалаларымен өз көзқарасын еркін білдіруге мүмкіндік алғанын аңғарамыз. Бұрынғы партияның басшы қызметкері, қазіргі қаламгер «Егемен Қазақстан» газетінде «Арал тағдыры – адам тағдыры» айдарымен жарияланған «Қамқор болғанмен, қамқорлық кем» деген проблемалық мақаласында: «қазіргі Аралға арашашылардың саны артып, осы мақсатты құрылып жатқан ұйымдар мен қозғалыстар көбеюде. Арал проблемалары туралы әртүрлі ғылыми-тәжірибелік мәжілістер де жиі өткізілуде. Алайда осы шаралардың бәрі Аралды сақтап қалуға, оның халқының мүшкіл халін жеңілдетуге нақты көмек жасап отыр деп айта алмаймыз. Тіпті осы ізгі ниетті кейбіреулер өзінің саяси-қаражаттық жағдайларын жақсартуға пайдаланып жүр» десек, артық болмас» (14), – деп болашақта үлкен сыбайластық қылмыстарға ұласып кететін әдіс-айлаларының алдын ала шымылдығын түре бастағанын бүгінде біліп отырмыз...

Бүгінгі тығырыққа тірейтін жағдайымызды ресми тұлғалардың өздері мойындамауға амалы қалмағандай. Олардың бірі – Қызылорда облысының бұрынғы әкімі С. Шаухманов «Егемен Қазақстан» газеті тілшісімен әңгімесінде: «Біздің өңір жөнінде үкіметіміз қабылдаған 4 қаулының бірде бірі орындалмай,

бұрынғы одақ тұсында жүзеге аспай, баянсыз су аяғы құрдымға кеткен әйгілі 8 қаулының кебін кие ме деп қорқамын... Бұл – ең алдымен, сол министрлер кабинетінің өз беделін түсіретін, халықтың оның қаулы-пәрмендеріне деген сенімсіздігін туғызатын ретсіз, қолайсыз қадам» (15), – деп бүкпесіз жайып салады.

Осы облыстың келесі әкімі Б. Сапарбаев республикалық «Атамекен» экологиялық газетінің «Жер тағдыры – ел тағдыры» айдарына «Ежелгі Сырдың екінші тынысы» деген мақала ұсынған. «Тағдыр тәлкегіне орай адам ойының үздік желісі, ғылыми-техникалық процестің озық тәжірибесі нақтылы ғажайып шешімін тапқан бұл өңірде тағы да сол атамның қомағайлығы салдарынан Арал жойылып, қисапсыз қасіретке жол берілуде», – деп өзінің ресми тұлға екеніне қарамастан, сол аумақта алда күтіп тұрған алапат күйзеліс хақында ойын бүкпесіз жеткізген (16).

Аралға екі күн салып әкіммен «Егемен Қазақстанның» тілшісі сұқбат жүргізген. Онда: «Теңізден су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» деп ақындар жырлағандай, теңіз тартылса да, бұл өңірден халық күдер үзген жоқ. Ел орнында. Еңбек ырғағы бұрынғы қалпында... Арал өңірінің барлық қасіреті бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзін елендетіп отырғаны белгілі», (17), – деп айтқанына қарағар пікір білдіргенін қалай қабылдаған дұрыс?...

Аралдың экологиялық проблемасын қазақ баспасөзі бетінде жариялануда елеулі орын алатын ресми тұлғалардың бірі – аудан әкімдері. Көпше түрін айтып отырған себебіміз: республикамыз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдың ішінде ауданда бірсыпыра әкім өзгерген. Солардың алғашқысы – Б. Қайымовты белгілі жазушы М. Қаназов әңгімеге тартқан екен (18). Онда пікірлесуде әкім теңіз қасірет жасығып, табыс табуды ойлаған алаяқтар мүмкін болған жердің бәрінде апатты аймақ жұртшылығына мүлде беймәлім Арал атын иемденген түрлі-түрлі қоғамдық ассоциация, қозғалыстар белең алғанына тоқталған. «Сонда басынан мұңы айықпаған шерлі Арал нешеу? Шілдеханасының жаназасы басым, құм мен тұзды шаң жұтқан Арал халқының қайсарлығын жамылып, құлқынының қамын күйттетер бас жоқ-көз жоқ, шетінен жамыратып қор аша бере ме?» дегендей өзара әңгіме қозғағанда, әкім ол қорлардың басын біріктіріп, тек Аралда болуын талап еткен...

Ал ауданның келесі әкімі А. Көшербаев

«Арал қайтып келеді» деген оптимистік тақырып қойған мақаласында (19) өз өңірінің бүгінгі таңдағы экологиялық жай-күйінен жарытымды деректер бермеген. Көбіне-көп әкім жазып жүрген жайттарды қайталаған. Арал проблемасына қойылып отырған талаптардың қандай екендігі ашық айтылмаған, қысқасы, мұнан жұртшылық күткендей жаңалық табу қиын...

Теңіздің басына бұлт үйіріле бастаған кезде академик-жазушы Ғ. Мүсірепов «Қазақ әдебиетінің» 1984 жылғы 2 қыркүйегіндегі санында: Теңіз тіршілігін жақсы білетін ғалымдардың ойларына қарағанда, біздің Арал теңізінің соншама тонауымыз (астын сызған – А.Қ.) түптің түбінде үлкен өкінішке соқпай қоймайтын ұят сияқты. Алпыс төрт мың шаршы километр жерді алып жатқан теңіз түптің түбінде құрғап қалар болса, одан борайтын тұзды шаң қанша дүниені бүлдіргенін кім білсін», – деп мазасызданғаны есімізде.

Тек Қазақстан емес, күллі Орта Азия, одан да аса түкпір-түкпірде ылаңын салатын нысан жөнінде туыстас елдердің зиялылары да алаңдаушылық білдіретін-ді. Мысалы: Өзбекстан Ғылым академиясының толық мүшесі С. Камалов «Апат дабылы – Аралдан» аталатын проблемалық публицистикасында: «Бұл жерде сезімге ерік бергім келмейді. Мен – ғалыммын, сондықтан Арал проблемасы жөнінде ғылымның позициясы тұрғысынан сөз еткенім. Бірақ та біз үшін әбден толғағы жетіп піскен осы мәселенің барлығы жөнінде айтып, жазуға тура келген кезде, ең алдымен, сөз еткенде өз сезімімді білдірмей кете алмаймын. Иә, тап көз алдымызда кенеттен теңіз тартылып бара жатқанда, бір кездері арнасынан асып жататын кең айдынды өзендердің сағасы сарқылып, тіршілік нәрі – алдымнан айырылып, кенезесі кеуіп жатса, бұл жөнінде жүрек сыздап, қабырға қайыспай сөз етпеуге мүмкін бе?» (2, 78-б.), – деген еді.

Өткен ғасырдың соңғы қырық шақты жылы апатпен арпалыстың қарқынды кезі болғаны қазір байқалуда. Өйткені жаңа ғасырдың бас жағында теңіз таксіретін мойындаған секілдіміз. Оған да негіз бар еді. Енді судан айырылып, шалшыққа айналған теңіз табанына өмір сүріп, тірлік етудің басқа амалдары қарастырылған. «Кіші Арал» тағы да басқа объектілер салына бастады. Оның үстіне аталмыш онжылдықтарға жаңа мемлекеттің «өтпелі дәуірі» келді. Соның қарқынды шараларының ішінде Арал эко-

логиясы жарытымсыз проблема дәрежесіне «төмен түсіп» жаһандану колланысына еніп кеткен жайы бар. Ол турасында 1966 ж. 30 сәуірінде 2967 өкіміне, 2-қосымша, «Қазақстан республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында»: «...кейбір аймақтарда жағдайдың ауырлығы соншалық, тоқтатуға ырық бермейтін, тежеуге болашағын пайымдап білуге болмайтын құбылыстар қауіп өсіп келеді және тұрақты табиғат пайдалануды басқару мен сақтап қалуды болжамдау мүмкіндігі де күрт кеміп барады (Арал өңірі, Семей полигоны, Каспий өңірі, Байқоңыр және т.б.)...Әсіресе Арал мен Семей проблемалары сияқты кеңінен жария болмаған, алайда өздерінің көкейкестілігі жөнінен олардан кем түспейтін проблемаларды назарда ұстау қажет» (20, 147 және 155 бб.), – деген ой-пікір жергілікті жер және республикалық дәрежедегі тиісті мамандардың кәперінде болған секілді.

Классик-жазушы Ә. Нұрпейісовтің таяуда «Айқын» газетінде жарық көрген естелігінің үзіндісіндегі мынадай:

«Теңіз тартылды. Ел көшті. Әсіресе ел-жұрт әне бір қара орынды тастап, жаппай сыпырыла көшкенде қаңырап иесіз қалған қаңыраң жұртта не сиық, не қасиет болушы еді. Бұл күнде о да жұртта қалған кен тұлақтай. Ана жақта Байқоңырдан ракета ұшса, мына жақта Аралдың ауданы қатты адуын, жынды желі жеті көз аштырмай, ышқынып соғып берер еді. Сол-ақ екен, таңқылдап кеуіп қалған теңіз түбінен күлдей аппақ ақ тұзды сортаң көкке көтерілер еді де, аспан астын ақтүтек бұрқасынға айналдырып, алағай-бұлағайды салғанда, сыртқа шыққан кісі аяқ жолын көре алмай, ішке қайта қашып тығылар еді. Айтуға жеңіл, ал ол өңірде тұрса, тек өлімге басын тіккендер ғана тұрады қазір» (21), – деген үзінді осыған дейінгі Нұрпейісов Ә. Жақайым, жақайымдар. Айқап. – 2012. – 1 қыркүйек шын мәнінде айқай-шудың ащы да болса, ақиқат соңы аккорды дерсің.

Бұл тұжырымдама Кеңес Одағы кезіндегі жоғарыдан түсірілген нұсқауларға көбірек ұқсайтынын мойындағанымыз абзал. Проблеманы бұлайша «ары көтеріп, бері жығу» принципінің кесіріп Орта Азияның бренді – Аралды осындай күйге жеткізді. Ол жөнінде техника ғылымдарының докторы Абай Тұрсынов: «Ғалымдардың бүгінгі іздеп жатқан тұсында Арал проблемасын

шешудің нақты ұтымды нұсқасы жоқ... – деп жар сала отырып, өзінің мынадай дәйектерін ұсынады: – Арал апатын жылдың, мейлінше, бір-біріне ұқсамайтын, бірақ өзара өте тығыз екі жолы бар. Біріншісі, Өмудария мен Сырдария өзендерінің бассейнінде су-жер және әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қайта қарау... Екіншісі, ең төменгі экологиялық тиімді деңгей мөлшерінде болса да теңіздің өз акваториясын қалпына келтіру...» (22). (Бұл дәйектерін 8 баппен негіздеген автордың мақаласынан проблемалық «Айқап» газетінің 22 ақпандағы «Қазақстан Арал теңізін құтқаруға болатын дәлелдеді» деген толық танысуға болады.)

Осыған дейін қаншама онжылдықтар бойы еліміздің қуыс-қалдықтарындағы адам қолымен жасалған қиянаттары жұртшылыққа жарияландан зәре-құтымыз қалмай, «жауырды жоба тоқудан» нендей жағдайға тіреліп отырғанымыздың ақыр-соңы не болғанына бүгінде бәріміз де куәгерміз. Бұл жергілікті де, жоғарыдағы әкім-қаралардың қылығы екенін әлі де жасырып не басқаларға итере салатындар табылады.

Ал осы тұста жариялылықтың үлгісін Президент көрсетіп отыр. Республикамызға белгілі журналист Сауытбек Абдрахмановпен жасаған «Егемен Қазақстан» таяуда «Еңселі елдікке еңбек жеткізеді» деген тақырыппен жарияланған сұқбаттарының бірінде, ол: «Қазір не болып кетті өзі? Ауадан ақша жасалатын болып кетті ғой. Соған жұрттың көзі үйреніп, көңілі сеніп бара жатыр. Бұл – жалған жол. Қай заманда да, қай қоғамда да байлықтың барлық түрі виртуалды қаржы институттарының қолымен емес, адамның қолымен жасалды», – деп, барлық қасіреттің «қайнар көзі» жемқорлыққа тірейтінін ашық айтып отырған жоқ па?

Арал қасіреті де – соның бір көрінісі. Және жеке-дара мемлекет шекарасымен шектеліп қалған емес, Күллі Жер планетасына кері ықпалын тигізген, әлі де талай-талай күйзеліске ұшырататын апат екенін қайта-қайта есте ұстасақ дейміз.

Ертелі айтқан ой-пікірімізді қорыта келе, мақаламызды Қасиетті Құранның Бақара сүресіндегі «Алланың ырзығын ішіндер, жендер, тек Жер бетінде бұзықтық жасамаңдар», – деген 60-аятымен тұжырымдағым келеді. Себебі: табиғатқа қол жұмсағаннан асқан бұзықтық жоқ! Әумин!

Әдебиеттер

1 Омарұлы Б. Қаратерең вальсі. Эсселер мен әлеуметтік әпсаналар. – Алматы: Агпа-в, 2012.

2 Берг Л.С. Арал теңізінің физикалық географиясы // Арал тағдыры. Ұжымдық жинақ. – Алматы: Қазақстан, 1989.

3 Әлжанов Ә. Арал тағдыры – атам тағдыры // Социалистік Қазақстан. – 1987. – 17 маусым.

4 Сердюк А.М. Непростые заботы человечества: научно-технический прогресс, здоровье человека, экология. – М.: Политиздат, 1988

5 Алимов А.А., Слугевский В.В. Век XX: Экология и идеология. – Ленинград: Лениздат, 1988.

6 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман-диалогия. – Алматы: Жазушы, 1999.

7 Досжанов Қ. Теңіз-тақсырет. Роман. – Алматы: Рауан, 1992.

8 Байханов С. Ғажапстанға саяхат. Деректі хикаяттар. – Алматы: Қазақпарат, 2008.

9 Байханов С. Сал үстіндегі маусым. Сыр туралы сыр. – Алматы: Жалын, 1988.

10 Шүкіров З. Адам-Жер-Ата. Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 1974.

11 Мырза Әли Қ. Екі томдық шығ. жин. 1-т. – Алматы: Балауса, 1995.

12 Айбергенов Т. Аманат. Жинақ. – Алматы: Жазушы, 1975.

13 Сарыбайұлы Т. Арал жатыр, ару жатыр алқынып // Жұлдыз. – 2011. – № 12.

14 Досжанов Қ. Қор көп болғанмен, қамқорлық кем // Егемен Қазақстан. – 1993. – 26 наурыз.

15 Шаухманов С. Су аз, мәселе көп. Сұқбат // Егемен Қазақстан. – 1994. – 17 маусым.

16 Сапарбаев Б. Ежелгі Сырдың екінші тынысы // Атамекен. – 1997. – 26 ақпан.

17 Сапарбаев Б. Теңізден су кеткенмен, ел кеткен жоқ. Сұқбат // Егемен Қазақстан. – 1997. – 28 ақпан.

18 Қаназов М. Жұтаған жұрттан жоқ іздеп... Сұқбат // Егемен Қазақстан. – 1993. – 16 ақпан.

19 Көшербаев А. Арал қайтып келеді // Атамекен. – 2000. – 6 көкек.

20 Ноосфера – Жербесік. Экологиялық альманах. – 1996. – № 1.

21 Нұрпейісов Ә. Жақайым, жақайымдар // Айқап. – 2012. – 1 қыркүйек.

22 Тұрсынов А. Қазақстан Арал теңізін құтқаруға болатынын дәлелдейді // Айқап. – 2012. – 22 қаңтар.

А.А. Курманбаева
**Экологическая проблематика в творчестве казахских публицистов
на рубеже XX – XXI вв.**

В статье рассматриваются экологические проблемы, которые нашли своё отражение в казахской публицистике. Автор исследует материалы прессы, посвященные различным экологическим вопросам, отмечая, что с момента обретения Казахстаном независимости и по сегодняшний день эта тема не потеряла своей актуальности.

Ключевые слова: цензура, колонизация, публицист, роман-диалогия, экология, идеология.

A. Kurmanbaeva
**Ecological perspective in creativity of the Kazakh publicists
at the turn of XX – XXI centuries**

In the article environmental problems which found the reflection in the Kazakh journalism are considered. The author investigates the materials of the press devoted to various environmental issues. From the moment of finding of independence by Kazakhstan and till today this subject doesn't lose its urgency.

Keywords: censorship, colonization, publicist, novel dilogy, ecology, ideology.